10. Балаңыз қалай тамақтанады? орманға
/жақсы, жаман, тез, ақырын/
11. Қалай ұйықтайды? мазасыз
/тыныш, мазасыз, тез, жай/
12. Достарымен қандай қарым-қатынаста? жақсы
/жылы шырайлы, дөрекі, бірқалыпты, ашуланишак/
13. Топпен немесе жеке ойнағанды ұната ма? топпен
14. Мектепке дейін жиі ауырды ма? жиі көтеледі
/ескі ауруы бар ма?/
15. Өз балаңыздың тәртібі мен мінезінде қандай өзгешілікті көріп жүрсіз? жоқ, бақытшылар

Ата-ананың аты-жөні

Исмаева Сәбира

Жауабыңызға рахмет.

Ата - аналарға арналған сауалнама

1. Балаңыздың аты-жөні: Абдурахманова Мубина
2. Туған жылы, күні: 30.12.2014
3. Балаңыздың қандай өнері бар? би билеге ұмтыға
4. Немен шұғылданғанды жақсы көреді? сурет салған
/сурет салу, мүсіндеу т.б./
5. Балаңыздың жұмыс ынтасы қалай? жақсы
/тез, жай, ынта қойып, тез жсалығады/
6. Қай қолымен жұмыс істейді? оң
/жазады, сурет салады, тамақтанады/
7. Әңгіме айтқанды ұната ма, ертегіні, мультфильмді, көрген киносын әңгімелеп айта ала ма? айтады
8. Дыбысты дұрыс айта ала ма? сая жасамады
9. Қандай дыбысты айта алмайды? о, у, в.
10. Балаңыз қалай тамақтанады? жақсы
/жақсы, жаман, тез, ақырын/
11. Қалай ұйықтайды? нормал
/тыныш, мазасыз, тез, жай/
12. Достарымен қандай қарым-қатынаста? танысады
/жылы шырайлы, дөрекі, бірқалыпты, ашуланышқ/
13. Топпен немесе жеке ойнағанды ұната ма? жеке
14. Мектепке дейін жиі ауырды ма? жоқ
/ескі ауруы бар ма?/
15. Өз балаңыздың тәртібі мен мінезінде қандай өзгешілікті көріп жүрсіз? көңілсіз

Ата-ананың аты-жөні Алимова Мубина

Жауабыңызға рахмет.

Ата - аналарға арналған сауалнама

1. Балаңыздың аты-жөні: Амхашмаков Бекзатбек
- 2.Туған жылы,күні: 3.03.2015ж.
- 3.Балаңыздың қандай өнері бар? спортмен
- 4.Немен шұғылданғанды жақсы көреді? магдалка
/сурет салу, мүсіндеу т.б./
- 5 .Балаңыздың жұмыс ынтасы қалай? жақсы
/тез, жай, ынта қойып, тез жсалығады/
6. Қай қолымен жұмыс істейді? оң
/жазады, сурет салады, тамақтанады/
7. Әңгіме айтқанды ұната ма,ертегіні, мультфилмді, көрген киносын әңгімелеп айта ала ма? иә айтады
- 8.Дыбысты дұрыс айта ала ма? иә
- 9.Қандай дыбысты айта алмайды? - - -
- 10.Балаңыз қалай тамақтанады? жақсы
/жақсы, жаман, тез, ақырын/
- 11.Қалай ұйықтайды? нормал
/тыныш, мазасыз, тез, жай/
- 12.Достарымен қандай қарым-қатынаста? жақсы
/жылы шырайлы, дөрекі, бірқалыпты, ашуланиақ/
- 13.Топпен немесе жеке ойнағанды ұната ма? нормал
- 14.Мектепке дейін жиі ауырды ма? жоқ
/ескі ауруы бар ма?/
- 15.Өз балаңыздың тәртібі мен мінезінде қандай өзгешілікті көріп жүрісіз? ашушақ

Ата-ананың аты-жөні Исмайлова Гүлзада

Жауабыңызға рахмет.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«28» *тсш* 2020ж



«Күн тәртібінің бала өміріндегі орны»

(Баяндама №2)

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2019-2020ж

«Күн тәртібінің бала өміріндегі орны»

(1-3жас арлығы)

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібінің баланың өсуі мен денсаулығын нығайтуда маңызы зор. Сонымен қатар, ол бала бойында жақсы әдеттерді қалыптастыруға, ерік-жігерін нығайтуға, ұстамдылық, ұқыптылық сияқты басқа да маңызды қасиеттерді жетілдіруге көмектеседі. Күн тәртібі – балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс ойластыра жасалған еңбекке дағдыландыру, демалыс, тамақтандыру ережесі.

Сәбиді белгілі бір уақытта ғана тамақтандыру қажет. Кейбір аналар бұл талаптарды сақтамайды. Сөйтіп, бала тәрбиесіне белгілі дәрежеде қиындық келтіреді.

Жас нәрестенің жүйке жүйесі сыртқы ортаның әртүрлі әсеріне өте сезімтал болып келеді. Балалар тез шаршайды, сондықтан жиі әрі ұзағырақ тынығуды қажет етеді. Демалыстың ең басты түрі – ұйқы. Егер ұйқысы шала болса, ағза толық тынықпайды. Бұл денсаулыққа зиян келтіреді. Денсаулығы нашар балалар жасына қарамастан көбірек ұйықтаулары қажет. Сәбилерді белгілі бір уақытта ұйықтауға, белгілі бір уақытта тұруға үйрету де маңызды. Ұйықтар алдында алаңсыз ойнағаны жөн, ал жарты сағат серуендеу тіпті пайдалы. Жатар алдында бала беті-қолын, мойнын, аяқтарын жылылығы үй температурасымен бірдей сумен жуғаны дұрыс. Мұның тек гигиеналық қана емес, сонымен бірге, ағзаны шынықтыруда маңызы бар, жүйке жүйесіне жақсы әсер етеді, неғұрлым тез ұйықтауға көмектеседі. Кешкі тамақты ең аз дегенде жатардан 1-1,5 сағат бұрын ішу керек. Баланың өзіне арналған таза, бірақ онша жұмсақ емес төсегі болғаны жөн. Ұйықтар алдында бөлмені желдетіп алу қажет.

Бала таза ауада мүмкіндігінше ұзағырақ: жазда күні бойы, көктемде, күз бен қыста бірнеше сағат бойы болуы керек. Ауа райы қолайсыз күндерде серуенге ұзақ болмаса да жиірек шыққан жөн. Таңертеңгі, түскі, бесіндік және кешкі тамақтану мерзімдерін бұзбай сақтау қажет. Бейберекет ішкен тамақ та денсаулыққа зиян.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сурет салумен, қағаз қиюмен, санақ есеппен, илеп мүсіндер жасаумен және басқа да істермен айналысуына арнайы уақыт бөлінеді. Мұндай істермен 3-4 жастағы балалар 15-20 минут, ал 5-6 жастағы балалар 30-40 минут қана айналысуы тиіс. Іс-әрекеттерді алмастыра отырып, әрбір 20-25 минут сайын үзіліс жасаған жөн. Балалардың жоғарыда аталған жаттығуларын таңертеңгі тамақтан кейін ұйымдастырған дұрыс. Ал қалған уақыт ойынға арналады.

Егер бала өз қалауымен, ықылас қойып айналысатын болса, ол үшін кез келген жаттығу пайдалы. Бұл үшін ата-ананың аз да болса педагогтік шеберлігі болғаны жөн. Оларға табандылық қажет, алға қойған мақсатты сәбиге орындату жолында сабырлылық керек, балаға түсінікті тілмен сөйлесуге тырысқан жөн.

3 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың күн тәртібі

Жүйке жүйесі қызметінің ерекшеліктеріне қарай балалар әртүрлі болады. Олардың мінез-құлқы да соған байланысты. Кейбір балалар жаттығуға немесе ойынға бірден ден қойып, ешнәрсеге алаңдамай кірісіп кетеді. Мұндай балаларды әдетте күн тәртібіне үйрету қиындық келтірмейді. Ал екінші бір балаларда қозу процесі басым болады. Мұндай балалар қажетті нәрсеге бірден ден қойып, көңіл аудара алмайды, үнемі алаңдай береді, тамақты нашар ішеді, оларды ұйықтату да қиын. Бұл сәбилердің ойыны, әсіресе, тамақ ішер алдында, ұйықтар алдында неғұрлым алаңсыз болғаны жөн. Сондықтан баланы шыдамдылыққа, бір нәрсеге зейін қоя білуге тәрбиелеген жөн. Өйтпеген күнде мектепте оқуы қиынға соғады.

Кейбір балаларда тежелу процесі басым болады. Әдетте олар сылбыр, енжар келеді. Мұндай сәбилер көбірек ұйықтағанды немесе төсекте бос жатқанды жақсы көреді, олар қандай іске болса да бірден кірісіп кете алмайды.

Күн тәртібін жасағанда баланың жеке өзіне ғана тән осы ерекшелігін ескерген жөн.

Бала ұйқыдан оянысымен төсектен бірден тұруы, дәретханаға барып келген соң таңертеңгі жаттығу жасауы керек. Бұл көңіл күйін сергітеді, дем алысын, қан айналымын жақсартады әрі тәбетін ашады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған таңертеңгі жаттығулар жиынтығына жүру, тыныс алуды, дене сымбатын түзейтін (бұрылу, еңкею, шалқаю, отыру), аз ғана секіру немесе жүгіру және қайтадан жай жүру сияқты қимылдар кіреді. Жаттығуларды ойын түрінде өткізсе және өзімен бірге жасаса, бала оны ықыласпен орындайды.

4 жастағы бала бетін, құлағын, кеудесін және қолдарын шынтағына дейін өз күшімен жуады, ал 5-7 жастағы бала бұларға қоса, беліне дейін жуынып, сүртінуді үйренуі керек. Ауыз бен тамағын бөлме температурасындағы қайнаған сумен шайған жөн. Бала жуынып болған соң үстін сүлгімен денесі жылығанша жақсылап ысқылап сүртуге көмектескен дұрыс. Бала киінгенде, төсегін жинаған кезде ересек адамдар онша көп көмектеспегендері абзал.

Баланың дастарқан басында тамақты көп күтпегені өте маңызды. Өйтпесе тез шаршайды да, тәбеті нашарлайды.

Тамақ ішіп отырған кезде бала ешнәрсеге алаңдамағаны жөн. Тамақ дәмінің, температурасының, сондай-ақ, алдына қалай қойылуының – осының бәрінің астың дұрыс қорытылуында маңызы зор. Көптеген аналардың баласын жақсы тамақтандыру мақсатымен оған ертегі айтып алдандыратыны бар. Мұндай әдет зиянды, өйткені ас ішкен кезде баланың көңілі басқа нәрсеге ауады да, асқазан сөлінің бөлініп шығуын тежейді. Тамақ ішіп болғаннан кейін бала міндетті түрде аузын қайнаған сумен шаюы керек.

6-7 жастағы балалардың сабақтары арасына үзіліс жасай отырып, жарты сағаттан өткізуге болады.

Баланы жалықтырып алмас үшін және қызықтыру мақсатымен жаттығу сабақтарының мазмұнын күнара өзгертіп отырған жөн. Баланың бір «сабақтан» жалыққанын байқасаңыз, оны тоқтатып, сәбиді жүгіретін, қозғалатын ойынмен алдандырыңыз. Жылы күндері барлық ойындар мен сабақтарды таза ауада өткізген жөн.

Балалар өздерінің ойындарында пайдалы еңбектің сипаты болғанын ұнатады. Олар зор ықыласпен қар күрейді, жапырақтарды жинайды, гүлге су құяды, жол сыпырғанды жақсы көреді. Оларға мұндай мүмкіндіктерді жиі берген дұрыс. Сергек серуеннен кейін баланың тәбеті ашылады. Бала серуендегенде аз қозғалса, ойынға қызықпаса немесе керісінше, тым қатты шалдығып шаршаса, тамақты ықылассыз ішеді, өз сыбағасын тауыспайды.

Кешкі серуеннен кейін бала беті-қолын жуады. 10-15 минут дем алып, содан кейін ғана тамақтанады. Түнде ұйықтар алдында баланы тыныш әрі әсер алмайтындай ойындармен алдандыру керек. Бұл мақсатқа шаршылар, мозайкалар, жапсырып мүсін жасау сияқты ойындар сәйкес келеді.

Түнде ұйықтар алдында бала міндетті түрде тісін тазалауы, беті-қолын, аяқтарын жууы, төсегін өзі салуы, киімдерін жинап қоюы керек.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
« 28 » *ноябрь* 2020ж



№2

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2020-2021ж

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында ата-аналар жиналыс болып өтті.

Өткізу күні: 24 Желтоқсан 2020ж

Өткізу уақыты: сағат 12-00 де

Бала саны-15

Қатысқандар-14

Тақырыбы: «Дидактикалық ойын арқылы, баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру»

Ата-аналар жиналысының мақсаты: коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында «Гигиена» ұғымымен таныстыру. Баланың жеке басының тазалығын сақтаудың жолдары айту.*(балалардың заңды өкілдерін)* хабардар ету.

Өткізу форматы: қашықтықтан ZOOM программасы арқылы
(Ата-аналарға сілтемелер алдын-ала жіберіледі)

Қатысушылар: ата-аналар *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

1. «Дидактикалық ойын арқылы, баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру»
2. Күн тәртібінің бала-өміріндегі орны.
3. «Дені-сау бала, бай бала!»

Тыңдалды:

1. «Дидактикалық ойын арқылы, баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру» атты баяндаманы

Мусабекова Назира Полатбекқызы оқыды.

Жарыссөз:

Ата-ана: Темирбекова Гүльнара Пернебековна сөз алды.

-Жалпы ойын балаға не үшін керек?

Тәрбиеші: Мусабекова жауап берді

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де

сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Ата-ана: Налибаева Гүльжан Бектуреевна сөз алды.

-Бақшадағы балалардың тазалықты сақтау ретін түсіндірып берсеңіз?

Тәрбиеші: Сулейменова Камшат жауап берді.

Баланың денсаулығын сақтау мен жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін сауықтыру- тәрбие шаралардың тұтас комплексі: дұрыс тамақтандыру, жақсы гигиеналық күтім, бірқатар профилактикалық шаралар қолдану қажет.

Гигиеналық міндет- адамның денсаулығына ықпал ететін тұрмыс жағдайларын, қоршаған ортамен адамдардың өзара байланысын және өзара ықпалын зерттеу, денсаулық сақтауды қамтамасыз ететін, дене күшін шыңдап және аурудың алдын алатын тұрмыс пен еңбектің гигиеналық нормаларын жасау. Белгілі гигиенаның білімді игерген әрі оны практикалық қызметінде іскерлі пен қолданғанда ғана тәрбиеші балалардың дұрыс тәрбиесін: күн режимін, тамақтануын, денесінің шынуғуын және гигиенасын және басқаларды қамтамасыз ете алады. Балалардың жақсы жетілуіне қажетті санитарлық және эпидемияға тиісті режим жасау- мектепке дейінгі балалар мекемелері тәрбие және гигиенаны талаптарына сәйкес құрылып, пайдаланылған жағдайда ғана мүмкін болады.

Балалар мекемесінің жабдықтаулы гигиеналық және педагогикалық талаптарға сай келіп, балалардың жасына қарай ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Балалардың бойы мен жасына сай келетін жабдықтар дененің дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етіп, оқу іс-әрекеті кезінде организмге тыс күш түсірмейді. Мұның омыртқа қисаюы мен алыстан көрмеушіліктің алдын алу жолында үлкен маңызы бар. Жабдықтардың қауіпсіз (жүзі өткір келетін, істік қырлы заттардың болмауы) тазалауға ыңғайлы болуы, ашық түске болуы, жабдықтардың ықшамдылығы мен түрінің әсемдігі маңызды талаптар болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі топтарда үстел, орындық, диван, ойыншық пен құрылыс материалдарын салуға арналған шкафтар, кітап қоюға арналған үстел қойылады. Балалардың столда дұрыс отыруы. Оның үстіне еңкейіп және екі табанын еденге қатты тіреп, иығын көтермеуі үшін оларды бақылау қажет. Орындық отырғышының шеті столдың бала жағындағы шетіне кіріңкіреп тұруы керек.

Осылай отыру аз шаршатады және омыртқаны қисаюдан сақтайды. Балалар мекемесінде жеке заттарын, киімін сақтауға арналған шкафтар болады. Әр балаға оның жеке пайдалануындағы: шешінетін, ұйықтайтын, туалет бөлмелеріндегі заттарды бекітіп берудің үлкен педагогикалық және гигиеналық маңызы бар және гигиена ережелерін орындау гигиеналық дағдымен машықтануға тығыз оңай және тез қабылданады. Бұл үшін балалар мекемелерінде қажетті жағдайлар жасап, оны ұдайы сақтап отыру қажет. Балалардың жеке гигиеналық сүлгісі мен заттарына орнап, туалет бөлмесінде жеке-жеке ойықтары бар кішкене шкафтар жасалады. Түбекке арналған сөре болады. Қол жуғыш, бүрікпе (душ) ванна, унитаз балалардың бойымен жасының ерекшеліктеріне сай келіп, гигиеналық талаптарға лайық болуы керек. Олар шойын, эмалы ақ түсті болуы мүмкін, ұштары жұмыр, тазалау мен дизейфенциялауға жеңіл болуы тиіс.

Ойыншықтар- баланың өмірінде үлкен орын алады, тәрбиелік маңыз атқарып гигиеналық, педагогикалық талаптарға сай келу керек.

Балаларға арналған ойыншықтарды балалардың денсаулығына зиян келтірмейтін, құрамында улы заттар жоқ және тазалау мен дизейфенциялауға жеңіл материалдан жасайды, себебі олар ойыншықтарды ауыздарына салады, еденге лақтырады.

Бақшаға баратын балалардың жеке пайдаланатын заттары болуы керек. Мұның үлкен гигиеналық маңызы бар, өйткені ол балалар арасындағы жұқпалы ауруларды болдырмауға бағытталған профилактикалық шара болып табылады. Әрбір сәбидің шкафы, төсек орны мен керуеті, түбегі, сүлгісі, салфеткасы, бет орамалы мен тарағы болуы керек. Бала өзінің заттарын пайдалану үшін ол баланың заттарын бірыңғай суреттермен белгілеп қояды. Сәбидің өте ерте жасынан бастап, әсіресе тамақ ішкенде ұқыптылыққа тәрбиелеу керек. Екі жастан асқан сәби салфетканы пайлана білуі тиіс. Басқа баланың салфеткасын пайдалануға болмайды. Өйткені салфетка арқылы кейбір аурулар жұғуы мүмкін. Тәрбиеші балаланың тек қана өз салфеткасын пайдалануын бақылайды.

Әр сәбидің өз бет арамалы болуы тиіс және оны ешбір жағдайда басқа баланың пайлануына беруге болмайды. Балаларда түшкіргенде және жөтелгенде бет орамал пайдалануға үйрету қажет.

Балалардың бақшада әрбір сәби үшін жеке түбек болуы тиіс. Сәби тек өз түбегін пайдалуы керек. Балаға түбекке отыруды сұрану әдетін қалыптастыру ерекше маңызды. Баланы түбекке ұйықтар алдында, ұйқыдан кейін белгілі бір сергек жүрген сағаттарында отырғызған жөн. Осындай тәртіпке үйренген соң осыған сәйкесі түбекке сұрана бастайтын балаларды. Балалық шақта алған мәдени-гигиеналық дағдылар берік бола бастайды.

Қорыта келе:

Балабақшада мәдени-гигиеналық дағдылар дұрыс жолға қойылса бала қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге, өз бетімен сүлгісі алып, қайта ілуге, таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні дұрыс және орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйренеді. Өздігімен киіну және шешіну дағдыларын қалыптастырады. Өздігімен мұрнын сүрту, қолының, бетінің салақтығын, киіміндегі олқылықты байқауы, серуеннен келген соң аяқты сүрту, кірре беріс жерге аяқ киімін шешу, ретке келтіріп ұстау-еденде жатқан затты жоғары көтеріп қою, ойнап болған соң ойыншықты орнына жинау қалыптасады.

2. Күн тәртібіндегі бала-өміріндегі орны.

Тәрбиеші Мусабеева Назира Полатбекқызы ата-ананың сұрауы бойынша бақшадағы «Менің күн тәртібім!»- атты тақырыпта өтілген ашық іс-әрекеттер, ойнайтын айыншықтар мен көрнекілікермен таныстырып өтті.

(Жиналмалы папка)

3.«Дені-сау бала, бай бала»

(Слайд)

№1 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1.«Дидактикалық ойын арқылы, баланың ойын арқылы мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру»

Баяндама тіркелді.

2. «Күн тәртібіндегі бала өміріндегі орны» атты тақырыпта талқыланды.

3. «Дені-сау бала, байбала» (Слайд көрсетілді)

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«28» сәуір 2020ж



№3

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2020-2021ж

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобында ата-аналар жиналыс болып өтті.

Өткізу күні: 21 Мамыр 2020ж

Өткізу уақыты: сағат 5-00 де

Бала саны: 25

Қатысқандар: 18

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: Оқу жылының қорытындысы

Мақсаты: ZOOM программасы арқылы

(Ата-аналарға сілтемелер алдын-ала жіберілді)

Қатысушылар: ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

1. «2020-2021ж Оқу жылының қорытындысы»
2. «Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары»*(кеңес)*
3. «Жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі» *(жылыжымалы папка)*

Тыңдалды:

1. «2020-2021ж Оқу жылының жылдық қорытындысын» тәрбиеші Сулейменова Камшат оқыды.

Жарыссөз:

Ата-ана: Миралиева Феруза Шералықызы сөз алды.

-Балалардың сөздік қоры туралы не айталасыз?

Тәрбиеші: Мусабеева жауап берді.

3-4 жастағы балалар, қысқа сөйлемдерден неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса біледі. Өз отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жайлы сұрақтарға жауап бере алады. Ақпаратпен блсіледі, жайсыздыққа (шаршадым, ыстықтадым) және құрдастарының әрекетіне (ойыншығын бермейді) шағымдана алады. Белсенді сөздікте барлық сөз таптарын қолдана алады. Шағын әңгімелерді көрнекіліксіз тыңдайды. 3-5 сөзден тұратын тіркестермен сөйлемдермен сөйлейді, ақпараттармен бөлісіседі.

Ата-ана: Байжігіт Жібек Нұрланқызы сөз алды.

Қазыргі таңда балалрдың шығармашылық саласысы бойынша қаншалықты дамыған деп ойлайсыз?

Тәрбиеші: Сулейменова Камшат жауап берді.

Қазыргі таңда балалар сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдана алады. Түстерді танып, карандаш, гуаш, фолмастер және қылқаламды еркін ұстай біледі. Сонымен қатар күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі. Бормен асфальтқа, таякпен құмға сурет сала алады. Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген.

2. Тәрбиеші: Мусабекова Назира Полатбекқызы «Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары» туралы кеңестер бере кетті.МДТ-нің алдыда тұрған жауапты міндеті күрделі, өмірден қз орнын таба білетін, дені сау, мәдениетті, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу. Сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізу.Әрбір бүлдіршіннің қаблеттерін ашуға қажетті жағыдай жасау.Дене және психикалық денсаулығын нығайту. Жаз кезінде балалрдың ағзасын сауықтыру, эмоционалдық, жеке тұлғалық,танымдық тұрғыда дамуға септігін тигізетін жағыдай жасау үшін ересектердің (балабақша қызметкерлер мен ата-аналарды) күшін жұмылдыру, біріктіру. Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзарады, оқу сабақтарының саны қысқарады, сабақтар ашық ауада өткізіледі. Сондықтан да балалардың жыл бойы алған білімін, біліктілік дағдыларын, қаблеттерін көрсетуге еркіндік беріледі.

Жазғы сауықтыру кезеңінің топтамалары:

- Күн тәртібін жазғы кезеңге сәйкес құру.
- Жазғы кезеңдегі тамақтануды ұйымдастыру
- Профилактикалық сауықтыру жұмыстары
- Шынықтыру іс-шаралары
- Арнайы сауықтыру жұмыстары
- Ата-анамен жұмыстар
- Экологиялық сауықтырулар
- Туған күндер, байқаулар, спорттық жұмыстар, апталықтар, тақырыптық көрмелер т.б іс-шаралар өтізіліп тұрады.

3. Тәрбиеші: Сулейменова Камшат Аділхановна «Жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі» жылжымалы папканы түсіндіріп өтті.

№3 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. 2020-2021ж Оқу жылының қорытындысы тыңдалды.
2. «Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдар»атты тақырыпта ата-аналар кеңес алды.
3. «Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары» атты жылжымалы папкаға оң баға берді.

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«28» *Тамыз* 2020ж



«2020-2021оқу жылының қорытынды есебі»

№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Мусабекова Н.П.
Сулейменова К.А

Шымкент қаласы 2020-2021ж

2020 -2021 жылдың есебі

2020-2021 оқу жылында №3 «Күнбағыс» ортанғы тобында 29 бала яғни 15 ер бала, 14 қыз бала оқу жылын аяқтап отыр.

Биылғы оқу жылында біздің топ балабақша бойынша ортанғы тобы болып саналды, тобымызда қазыргі таңда көптеген көрнекіліктер мен арнайы балалар ойнайтын орталар, үстел үсті таратпа ойыншықтар сонымен қатар заттық дамыту орталықтармен толықтырылып отырылды.

Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекеттері, стандарттағы бес сала бойынша жұмыс жүргізілді. Олар: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» салалары бойынша.

«Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтің Төртінші өнеркәсіптік Революциялық жағыдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» және Қазақстанның әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы, 2020-2021 оқу жылында тәрбие мен оқытудың жаңартылған білім беру процесін ұйымдастыру, қауіпсіз білім беру ортасын құру, кәсіби құзіреттілікті арттыру ерекшеліктері ескеріле отырып, тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылған нормалар мен талаптарға сай оқыту мен тәрбиелеудің жылдық жоспары жасалынып, алға мына міндеттер алынды:

1.Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.

2.Баланың жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу, көммуникативтілік, креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық дағдыларын меңгерте отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру.

Осы міндеттерді алға қоя отырып, «Зерек бала» бағдарламалары бойынша, айлық жоспар, Циклограмма, технологиялық карта жоспарланып отырды. Балаларды өз туған жерін, елін сүйе, ҚР мемлекеттік Рәміздерін, салт – дәстүрге құрметпен карауға, патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында іс-шаралар өткізілді.

Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастырып, мәдени-гигиеналық дағдыларды бойына сіңіру мақсатында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным» салалары бойынша «Мен ұқыпты баламын!» атты ашық іс-әрекеттер жүргізілді. Әр мерекеге байланысты ертенгіліктер «Алтын күз», «жаңа-жыл», «Құттықтаймын анашым», «Ұлыстың ұлы күні-Науырыз» «1-Мамыр достық күні» мерекелер музыка жетекшінің Ұйымдастырумен өтіліп, онда балалар өз өнерлерін, сахна төрінде көрсете білді. Оқу жылында белгіленген ата-аналар жиналысы өткізу форматы: қашықтықтан ZOOM программасы арқылы өтізілді. *(Ата-аналарға және балалаардың заңды өкілдеріне сілтемелер алдын-ала жыберілді)* уақытылы өтіліп, «Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ата-аналарды

бағдарламамен таныстыру», «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру» және «Күн тәртібінің бала өміріндегі орны» баяндамалар атты оқылып, өз ойларын ортаға сала білді.

Оған қоса «Дені сау бала-бай бала!» және «Жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі» атты жылжымалы папкалар жасалынды.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында ертенгілік жаттығулар жасалынып, таза ауада серуен, күннің екінші жартысында тамақты тұзды сумен шаю, төсекте керіліп-созылу жаттығулары үнемі жүргізіліп, балабақша медбикесі балалардың антропометриялық көрсеткішін үнемі қадағалап отырды.

Сонымен қатар жыл бойында балалардың шығармашылығын арттыру мақсатында Республикалық «**ӨРЛЕУ**» порталының және «**MediaBilim**» ақпараттық танымдық журналдың ұйымдастыруымен өткен «**Қош келдің, Алтын күз**» атты республикалық жас таланттар байқауына қатысып, 3- бала 1-ші дәрежелі «**Үздік сурет**» номинациясын және 2-бала «**Үздік қолөнер**» номинациясымен марапатталды.

Сонымен қатар «**Қыс қызығы-2021ж**» тақырыбында ұйымдастырылған «**Менің ғажайып әлемім**» атты байқауға қатысып. 5- бала 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталып өз дәрежелерін көрсетіп отырды.Өз білімімізді шыңдау мақсатында жыл бойында **BILIMRIDS** платформасын меңгеру мақсатында Семинарлар мен тренингтерді, мектепке дейінгі білім беру **YOUTUB** арнасында тікелей эфирлерге қатыса отырып, бала бойына дарытып, ізденістер үстінде болатынымызға сенімдіміз.